Әділет

# "2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы" Сырдария ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 2 сәуірдегі N 120 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

***Күшін жойған***

Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 07 мамырдағы N 189 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2012 жылы 11 мамырда N 10-8-177 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 03 қаңтардағы N 1 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2013.01.03 N 1 қаулысымен.

РҚАО ескертпесі:

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Қазақстан Республикасының Заңының 31 және 37 бабына, "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" 2012 жылғы 16 ақпандағы N 561-IV Қазақстан Республикасының Заңының 27 бабына, "Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы N 274 Жарлығына сәйкес Сырдария ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы" Сырдария ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 2 сәуірдегі N 120 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 10-8-172 санымен тіркелген, 11.04.2012 жылы "Тіршілік тынысы" газетінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

Ескерту. 1-тармағының бірінші абзацы жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2012.10.29 N 436 қаулысымен.

қаулының 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"Сырдария ауданындағы әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе одан босатылуға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және әскерге шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімдерін өткермеген

азаматтар 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан - желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін. "

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жасау Сырдария ауданы әкімінің орынбасары Е. Әжікеновке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі Ғ. Әбілтай*

*"Келісілді"*

*Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қызылорда облысы Ішкі істер департаментінің Сырдария аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы Бұрханов Талғат Темірұлы*

*________________________________*

*"07" мамыр 2012 жыл*

*"Келісілді"*

*Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының "Сырдария аудандық емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының бас дәрігері Ерімбет Сексенбай Бұқарбайұлы*

*________________________________*

*"07" мамыр 2012 жыл*

*"Келісілді"*

*"Қызылорда облысы Сырдария ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы Утжанов Чингис Кубеевич*

*________________________________*

*"07" мамыр 2012 жыл*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК